

ӘОЖ811.512.122'38; МҒТАР 16.21.51

<https://doi.org/10.47526/3107-3085.348>Г.Ә. ОМАРБЕКОВА 

Назарбаев Университеті

e-mail: gulnara.omarbekova@nu.edu.kz**ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНДЕГІ ЭКОСЫН МӘСЕЛЕЛЕРІ: БЕКЕН ЫБЫРАЙЫМНЫҢ
«УРАН КЕНІШІ» ЖӘНЕ «SOS БЕЛГІСІ» ӘНГІМЕЛЕРІ НЕГІЗІНДЕ**

Аңдатпа. Мақалада жазушы Бекен Ыбырайымның «Уран кеніші» және «SOS белгісі» әңгімелері экосын (экокритика) тұрғысынан талданады. Зерттеу аталған шығармалардағы адам мен табиғаттың қатынасын, экологиялық апат және ресурс өндірудің әдеби көрінісін Бьюэлл, Гаррард және Никсон сияқты әлемдік жетекші экосыншылардың теориялары аясында қарастырады. Зерттеудің мақсаты – экокритика ғылымының зерттеу нысаны мен зерттеу сұрақтарын анықтау, қазақ жеріндегі экологиялық мәселелерді экосын тұрғысынан талдау, әлемдік экологиялық мәселелермен салыстыру. Мақалада «баяу зорлық» (slow violence) концепциясы және экологиялық әділеттілік теориясы басты аналитикалық құрал ретінде қолданылады. Салыстырмалы экосын бағытында Бекен Ыбырайымның әңгімелері нигериялық жазушы Кен Саро-Виваның Shell компаниясының мұнай өндіруіне қарсылықтан туған прозасымен және Роб Никсонның «Баяу зорлық-зомбылық және кедейлердің қоршаған ортаға әсері» атты еңбегі көтерген экологиялық мәселелермен салыстырылады. Зерттеу нәтижелері Бекен Ыбырайым әңгімелерінің жаһандық экологиялық прозамен үндес екенін, сонымен бірге бұл әңгімелерде қазақтың ұлттық болмысы мен далалық табиғатқа деген ерекше байланыстың сақталғанын дәлелдейді. Мақала қазақ әдебиетіндегі экосынға арналған зерттеулердің дамуына теориялық үлес қосуды мақсат етеді. Болашақ экологиялық тақырыптарды Шнайдер-Мейерсонның эмпирикалық экосын тұжырымдамасы тұрғысынан, яғни оқырман реакциясы мен экологиялық сана қалыптастырудағы эмпирикалық экосынның ықпалы тұрғысынан зерттеуді ұсынады.

Кілт сөздер: экосын, қазақ әдебиеті, Бекен Ыбырайым, уран өндірісі, экологиялық әділеттілік, баяу зорлық, адам мен табиғат.

Кіріспе

XXI ғасырда жаһандық экологиялық дағдарыс адамзаттың рухани-мәдени өміріне тереңдеп енді. Білім мен технологияның дамуы табиғатқа кері әсерін тигізіп, қазір әлемде тұщы және тұзды судың, топырақтың және ауаның ластануы, түтін, қоқыстың көбеюі, теңіз және мұхит суларының қышқылдануы, табиғи ресурстардың азаюы сияқты экологиялық мәселелердің өзектілігіне алып келді. Осы мазмұндағы проблемаларды анықтап, зиянын

*** Бізге дұрыс сілтеме жасаңыз:**

Омарбекова Г.Ә. Қазақ әдебиетіндегі экосын мәселелері: Бекен Ыбырайымның «Уран кеніші» және «SOS белгісі» әңгімелері негізінде // Yassawi Journal of Philology. – 2026. – №2 (2). – Б. 183-194. <https://doi.org/10.47526/3107-3085.348>

***Cite us correctly:**

Omarbekova G.A. Qazaq adebietindegi ekosyn maseleleri: Beken Ybyraiymnyn «Uran kenishi» zhane «SOS belgisi» angimeleri negizinde [Problems of Ecocriticism in the Kazakh Literature: Based on the Stories of Beken Ibraim “Uranium Mine” and “SOS Sign”] // Yassawi Journal of Philology. – 2026. – №2 (2). – B. 183-194. <https://doi.org/10.47526/3107-3085.348>

Мақаланың редакцияға түскен күні 14.09.2025 / қабылданған күні 30.06.2026

түсіндіріп, бағалау үшін экологиялық сын – экокритика, адамның қоршаған ортамен қарым-қатынасын зерттейтін әдебиеттану ғылымының саласы қазір қарқынды дамып келеді.

Қазақстан контекстінде экологиялық мәселелер ерекше назар аударады, ел дүние жүзінде уран өндіру бойынша бірінші орынды [1] иеленеді, ал кеңестік дәуірде салынған Семей ядролық полигоны мен Арал теңізінің тартылуы ел тағдырында экологиялық апаттың терең ізін қалдырды. Осындай адам қолынан туған табиғат пен өндіріс, адам мен жер арасындағы қайшылықты қарым-қатынасты қазақ жазушылары өз туындылары арқылы оқырманға жеткізеді. Б. Ыбырайымның «Уран кеніші» және «SOS белгісі» әңгімелері осы контексте ерекше орын алады. Бұл әңгімелер жергілікті табиғатқа, оның пайдасы мен жақсылығын ғасырлар бойы көріп отырған халықтың биліктің қолдан жасаған саясатының әсерінен көрген азаптарын, жер қойнауы байлықтарын қазып алудың салдарын, уран өндірісінің тікелей және жанама экологиялық зардаптарын оқырманға шығармашылық шеберлікпен жеткізеді. Қазақ әдебиетіндегі дәстүрлі табиғат бейнесі, қазақ даласына келген антропоцентрлік әрекеттер мен әлем әдебиетіндегі экологиялық дағдарысты сипаттаған шығармаларды салыстыру да өзекті, себебі бұл шығармалар дүниежүзілік экосын тұрғысынан әлі жеткілікті зерттелмеген.

Сонымен, зерттеудің мақсаты – Б. Ыбырайымның «Уран кеніші» және «SOS белгісі» әңгімелеріндегі экологиялық мәселелерді жаһандық экокритикалық теориялар аясында талдау; экокритиканың теориялық анықтамасын қорытып, бірнеше ғылымдардың тоғысындағы дербес ғылыми бағыттың зерттеу нысаны мен негізгі зерттеу сұрақтарын қазақ тілді мәтін арқылы ашу; басқа мәдениеттегі экологиялық мәселелермен салыстыру.

Зерттеудің міндеттері мына мәселелерді қамтиды:

1. Экосынның жеке ғылым саласы ретінде зерттеу нысаны өте ауқымды, Б. Ыбырайымның әңгімелері арқылы қазақ мәдениетіндегі орын алған экологиялық мәселелер арқылы қоғамның экологиялық санасын ояту, қалыптастыру;

2. Никсонның «баяу зорлық» концепциясының мәнін ашу және оның Б. Ыбырайымның әңгімелері көтерген экологиялық мәселелердің аталған концепцияға сәйкестігін анықтау;

3. Б. Ыбырайым прозасын жаһандық экологиялық прозамен (Кен Саро-Вива) салыстыру;

4. Қазақ әдебиетіндегі дала образын экосын тұрғысынан зерттеп, зерттеу нәтижесінде дала тек географиялық кеңістік емес, қазақ халқының мәдени жадының, ұлттық болмысының және экологиялық дүниетанымының маңызды символы екенін айғақтау.

Зерттеу әдістері мен материалдар

Мақаланың мақсаты – қазақ әдебиетіне қатысты экосыни зерттеулердің дамуына теориялық тұрғыдан үлес қосу болғандықтан, жұмыста экология тақырыбына жазылған қазақ авторының әңгімелері әлемдік экосын теориялары негізінде талданады. «Экокритика» ғылымының анықтамасы Глотфелти мен Фроммның «Экокритика оқырманы» атты іргелі еңбегіне сүйеніп, экосын – әдебиет пен физикалық орта арасындағы қатынасты зерттеу деп анықталады. Осы бағытта Лоуренс Бьюэлл «Экологиялық қиял», Гаррардтың «Экокритика» және Никсонның «Баяу зорлық» сияқты іргелі еңбектеріндегі экосынның негізгі қамтыған нысандары анықталды, және адам мен табиғат арасындағы қарым-қатынастың болмысы Б. Ыбырайымның екі әңгімесінде кейс-талдау әдісі бойынша шығарманың оқиғасы не кейіпкерінің тағдырына қатысты баяндалады. Мысалы, «SOS белгісі» әңгімесінің кейіпкері – ядролық апат құрбаны ретіндегі «экологиялық кейс», «Уран кеніші» – радиоактивті элемент уран өндірілетін аймақтағы елдің, жердің, су мен ауаның улануы, табиғи тепе-теңдіктің бұзылуы және оның адам тағдырына тигізген қайғысын суреттейтін трагедиялық кейс. Интертекстуалдылық әдіс бойынша табиғаттың бейнесі кейіпкердің ішкі күйі, сезімі, жан арпалысымен ашылып, бұдан автордың табиғатқа қатынасы анықталады. Осы әдіс арқылы әңгімелердегі *табиғат бейнесі, сорға айналған жер, жазылмас ауруға шалдыққан тірі өлік, қырылған ара, жып-жылмағай жұмыртқа бас, уланған жер* сияқты экологиялық

метафоралар анықталды. Мысалы, «Уран кеніші» әңгімесінде *дала – өмір мен өлім, өлім – сақтандыру белгісі, әр жаңалық – алдаудың соңғы моделі, уран деген пәле – үрім-бұтағымызға қатер* деген экологиялық уәждер мен символдарды салыстыру арқылы табиғат құрбан ретінде, ал қолында билігі бар адам – оны пайда үшін қолданған қасірет әкелген ниеті теріс күш ретінде бейнеленеді.

Экосынды әдебиеттегі табиғат пен қоршаған ортаға қатысты идеяларды, шығармаларды, адамның табиғатқа қатынасын талдауға арналған пәнаралық әдіс ретінде қарастырып, мәтіндік талдау арқылы *табиғат, антропоцентризм, әлеуметтік және саяси теңсіздік, экологиялық сана* сияқты экосынның негізгі зерттеу нысандары анықталды. Табиғат көріністері, антропоцентрлік/экоцентрлік дискурстың және экологиялық этика элементтерінің мәтіндегі қызметі арқылы жоғарыдағы ұғымдардың екі әңгімедегі берілуі жеке талданады. Р. Никсонның «баяу зорлық» концепциясы климаттық өзгеріс, улану және мұнайдың жерге төгілуі сияқты апаттардың бірден байқалмайтын, уақыт өте жинақталатын зардаптарын сипаттайтын «баяу зорлық» теориясы уран өндірісі мен радиация зардаптарының жылдар өте келе белгілі болатындығы шығармалардағы оқиғалар мен кейіпкерлерді салыстырудың негізгі аналитикалық құралы болды. Салыстырмалы әдебиеттану бағытында Б. Ыбырайымның шығармалары жаһандық экологиялық прозамен, атап айтқанда Кен Саро-Виваның мұнай компаниясының өрескел әрекеттерімен салыстырмалы зерделенді. Табиғатқа қайырымсыздық көрсеткен қоғам барлық еңбектерде де авторлар тарапынан сынға ұшырайтындығы салыстырылған шығармалардағы ортақ уәж екендігі анықталды. Салыстыра келе, табиғат пен адам арақатынасында антогонизм, үндестік, салғырттық, немқұрайлылық, жаны ашымау сияқты қатынастың басымдығы нақтыланды.

Талдау мен нәтижелер

Экосын – әдебиеттегі жаңа ғылыми бағыт ретінде алғаш рет 1990 жылдары АҚШ-та пайда болып, қазіргі таңда бүкіл әлемде гуманитарлық ғылымдардың маңызды саласына айналды. Экосыншылар әдеби мәтіндер арқылы табиғатқа адамның көзқарасын, мәдениеттің табиғатпен байланысын зерттейді. «Экосын – әдебиет пен физикалық ортаның арақатынасын зерттейтін ғылым. Феминистік сын тіл мен әдебиетті гендерлік тұрғыдан зерттесе, ал маркстік сын өндіріс тәсілдері мен таптарды түсінуге әкелетіні сияқты, экосын да әдебиеттану ғылымында жерді меңзеп, табиғатқа негізгі орын беретін әдеби талдау әдісі» [2, 18-б.]. Скотт Слович экосыни философиясының мәнін мына дәйексөзі арқылы ашады: «Экокритицизм – әдебиеттегі табиғатты оқу ғана емес, ол бізге осы планетада адамзат ретінде жауапты әрі мағыналы өмір сүруге көмектесетін әдебиетті оқу» [3, 160-161-бб.]. Бұдан автор әдебиет тек академиялық пән болып қана қоймай, қоршаған ортаны қорғайтын этикалық белсенділікті жігерлендіруі керек деп ойын тұжырымдайды. Сөйтіп, экосын – әдебиетте табиғаттың хал-күйін бейнелеу тәсілі ретінде адамның қоршаған ортаға қатынасын көркем талдауға бағытталған ғылыми әдіс. Бұл – әдебиет пен табиғи ортаның байланысын зерттейтін әдеби-мәдени талдаудың пәнаралық бағытын анықтайды. Ол табиғат пен қоршаған орта мәселелерінің мәтіндерде қалай бейнеленгенін және әдебиет адамның қоршаған ортаға деген көзқарасын қалай қалыптастыратынын немесе бейнелейтінін зерттейді. Лоуренс Бьюэлл «Экологиялық қиял» атты еңбегінде қоршаған орта әдебиеті адамдар мен табиғат арасындағы қарым-қатынасты ғана көрсетіп қоймай, сонымен қатар қоршаған ортамен этикалық қарым-қатынастың жаңа стандарттарын белгілейтінін атап көрсетеді [4, 8-б.]. Экосын әдебиетті қоршаған ортаға деген сананы қалыптастыруға, табиғатқа деген жанашырлық сезімді оятуға және адам қызметінің салдарын түсінуге қабілетті құрал ретінде қарастырады. Әдеби антропология шеңберінде экологиялық әдебиет антропоцентризмді, адамның табиғат алдындағы жауапкершілігін және адамның қоршаған ортамен өзара байланысын зерттейтін салаға айналады. Экосынға арналған әдебиеттер мен жазылған еңбектерді саралай келе, экосынның негізгі қамтитын зерттеу нысандарын

анықтадық, және осы нысандардың Б. Ыбырайымның екі әңгімесінде қалай көрініс табатындығы келесі тарауда жеке талданады.

Сонымен, экосын – әдебиетте, тілде және мәдениетте табиғаттың және адам мен қоршаған орта арасындағы қатынастардың бейнеленуін зерттейтін, сондай-ақ мәтін арқылы экологиялық сананың қалыптасуын қарастыратын пәнаралық ғылыми бағыт. Экосынның зерттеу нысаны адам мен табиғат арасындағы қатынастардың мәтінде көрініс табу ерекшеліктерін анықтауға мүмкіндік береді. Соның нәтижесінде экологиялық дүниетанымның, мәдени құндылықтардың және табиғатқа қатысты ұлттық танымның көркем мәтінде қалай көрініс табатындығы айқындалады. Экосынның зерттеу нысандарын төменде жеке талдап, әр нысаннан өрбитін адамның экологиялық білімі мен тәжірибесінен туындаған ой-тұжырымдар жасалады. Ғалымдар экосынды адамның табиғатқа қатынасын талдауға арналған пәнаралық әдіс ретінде анықтады, сондықтан төмендегі нысандар адам мен табиғат арасындағы тепе-теңдіктің сақталу жағдайын, мәселесін, зардабын, барын, жоғын дәлелдейді.

1. Табиғат бейнесі. Әдеби шығармада табиғат қалай бейнеленеді: әсем қалпы сақталған ба, қорғалған ба, әлде жойылып бара ма? Экосын табиғатты өз еркі бар, адамға жауап қата алатын белсенді күш ретінде қарастыруды қолдайды. Нағыз экология дегеніміз – бұл өсімдіктер, жануарлар, құстар мен адамдар бір-біріне үстемдік етіп, қырып, жоймайтындай үйлесімді өмір сүретін экология» [5, 147-б.]. Бұл бағыт адамның табиғатпен қарым-қатынасы, индустриаландыру, технократиялық даму, биосфераның бұзылуы сияқты өзекті мәселелерді көркем мәтін арқылы талдауға мүмкіндік береді.

2. Антропоцентризм. Жер бетіндегі жалғыз саналы жаратылыс болғандықтан, адам өзін барлық басқа табиғаттағы жанды ағзалардан артық, пәрменді санайды. Дегенмен, экологиялық сынның ортақ негізгі ұстанымы – адамзат мәдениеті физикалық әлеммен тығыз байланысты, ол оған әсер етеді, әрі сол әлемнің әсерін өзі де қабылдайды [2, 19-б.]. Экологияда адамның келеңсіз кемшілігі – оның биоцентрлік емес, антропоцентрлік көзқарасы, яғни оның барлық дүниені жаулап алуға деген ұмтылысы, табиғаттың бәрін бағындыру, бейімдеу, тартып алу және пайдалану мүддесінің басымдылығымен сипатталуы. Экосын адам мен табиғат арасындағы тәуелділікті жоққа шығарады, адамды жалпы экожүйенің бір бөлшегі ғана ретінде қарастыруды ұсынады.

3. Әлеуметтік және саяси теңсіздік. Экосын жалпы адамзаттың жайлы болашағы үшін тұрақты дамуды жақтайды, жер бетіндегі барлық тіршілік иелерінің әрқайсысы да кедергісіз өмір сүруге құқылы. Ресурстарды ұқыпты пайдалану болашақ ұрпақтың қауіпсіз әрі тұрақты болашағын қамтамасыз етеді. «Экологиялық дағдарыспен күресудің ең кең тараған шарасы – тұрақты даму» [6, 128-б.]. Бұл табиғи ресурстарды бүкіл қоршаған ортадағы тіршілік иелеріне жеткізіп және барлық адамдардың әл-ауқатына зиян келтірместен қажетіне қарай пайдалануды білдіреді.

4. Экологиялық сана – әдебиет арқылы қоршаған ортаға жауапкершілік сезімін тәрбиелеу. Қазіргі экологиялық дағдарыспен күресу үшін экосыншылар оқырмандар арасында экологиялық сананы қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. Олар табиғат әлеміне басқа өзіндік сыни көзқараспен қарайды, табиғат бізден тысқары болғанмен де, адам өміріне ықпалды, егер біз оған жамандық жасасақ, бұл қатерге әкелуі мүмкін деп пайымдайды. Әдебиет те табиғаттың мұңына құлақ салып, бет бұруды, тұрақтылық пен тұрақсыздықты, тепе-теңдік пен теңгерімсіздікті жұртшылық назарына ұсынады, дабыл қағады [7].

Көркемдік ойдың өзіндік өрнегі санатында саналуға лайықты шығармалардың бірі – табиғат әлемінен тамыр тартқан туындылар болып саналады. Пейзаждарды суреттеу немесе жан-жануарларды сөйлету немесе натуралистік бақылаулар, сол арқылы эстетикалық категорияларға зер салу, әлеуметтік-философиялық түйіндеулер жасау, балалар әңгімесін жазудағы көркемдік ізденістердің айғағы саналады [8, 172-б.]. Қазақ прозасы экологияны көбінесе адамгершілік, ұлттық жады, табиғи үйлесімнің бұзылуы арқылы сипаттап келді, осы

сарында жазылған шығармалар баршылық. Қазақ әдебиетіндегі Семей полигонында ядролық қаруды сынау қасіретіне арналған шығармалар көптеген жазушылардың өзекті тақырыбына айналды, бұл туындылар жергілікті халыққа жасалған зұлымдықты жеткізеді, дәуір шындығын бейнелейді [9]. Сынақ алаңына айналған қазақ даласы мен қазақ баласына жасалған қастандық бірнеше ұрпақтың жан және тән зардабына айналды. Бастарына түскен апаттың нақты себебін анықтай алмай, ядролық сынақтардың залалын кеш білген, биліктің жеңіл ойыншығына айналған аңқау қазақ үшін ең қиыны – балаларының, артында қалған ұрпағының кемтар болып тууы не жазылмас дертке ұшырауы еді. «Он бес жыл жер бетінде, жиырма бес жыл жер астында жарылған атом, сутегі бомбаларының кесапаты ма, басқа да қырсық бар ма, оны дәл айыру қиын шығар, алақандай бір Қайнар селосында соңғы жылдары рактан өлгендердің, ақ қан ауруынан опат болғандардың, іштен есалаң боп туғандардың, өзін-өзі өлтіргендердің саны қаптап кетті» [10]. Осы өзекті мәселені көтерген прозалық шығармалардан Қуандық Түменбайдың «Періште», Роза Мұқанованың «Мәңгілік бейне» шығармаларын да атаған жөн [11, 79-89-бб.].

Тәуелсіздік жылдарынан кейінгі қазақ қаламгерлері экологиялық мәселелерді сомдауда авторлық ұстанымды басшылыққа алады. Экологиялық мәселелердің сомдалуы барысында авторлар туған жер идеясын, қарапайым халыққа тигізген зардабын асқан шеберлікпен жеткізе білген [12, 139-б.].

Бекен Ыбырайымның «SOS белгісі» және «Уран кеніші» атты әңгімелері экологиялық сана мен экологиялық мәдениеттің қоғамда нықтап дамуы үшін өркениетті қоғамның басқару жүйесіне, оның әрбір азаматының экологиялық жауапкершілігіне қозғау салады. Себебі, бүгінгі экологиялық апат әлемге де, елімізге де, әсіресе уран өндіруден әлемде алдыңғы қатарда тұрған Қазақстан үшін қауіпті екендігі белгілі. Сан ғасырлар бойы адам табиғаттың қожасы мен әміршісі болып, оны тек өз керегіне жаратты, келтірген зардапты жойып, табиғатқа қамқорлық жасауға асықпады. Автор бұл жағдайды «SOS» – яғни халықаралық апат белгісімен сипаттап, табиғаттан келген дабылды ескерту ретінде ұсынады. Қазақ жерінің бай қойнауынан уран қазу жергілікті халықтың заманауи қасіретті сорына айналғанын жеткізу – қазіргі тәуелсіз қазақ әдебиетіндегі көкейтесті тақырып, бұған Б. Ыбырайым зор әдеби, дәйекті, дәлелді дайындықпен келген.

Адамға экологиялық жауапкершілік пен сана-сезімді сіңіріп, экологиялық тәрбиені өрістетуде көркем әдебиеттің рөлі қандай, жалпы табиғатқа жанашырлықтың әдебиеттегі бейнеленуі, насихатталуы, көріністері қай дәрежеде десек, қазақ әдебиеті бұл мәселеге өзіндік үнін қосуда. Әдеби мәтіндерге қоршаған ортаның, экологияның көзімен қарау, оны қайта оқу, талдау, экологиялық әдеби сынның қалпы пен мүмкіндігі жайлы сөз қозғалып келеді. Осылайша, экологиялық дағдарыс заманында қоршаған орта мен адамдардың арасындағы жаңа экологиялық мәдениеттің жалпы панорамасын көруге мүмкіндік туады. Нәтижесінде әдеби мәтіндердегі көбіне көзден таса қалып кете беретін экологияның хал-қадірін, қазіргі жағдайын «күн бетіне» шығарып, экологиялық әдеби сын тұрғысынан бағамдай алатын боламыз [13]. Қазіргі әдеби туындылар табиғаттың әртүрлі аспектілерін, экологиялық проблемаларды және адамның қоршаған ортамен қарым-қатынасын көрсете отырып, экологиялық дағдарыстың сын-қатерлеріне белсенді түрде жауап береді. Бұл тақырып заманауи экологиялық мәселелер тұрғысынан көркем шығармаларда қандай эстетикалық және этикалық мәселелер көтерілетінін талдауға мүмкіндік береді, сондай-ақ қоғамда экологиялық сананың қалыптасуына әдебиеттің әсерін қадағалайды [14, 566-580-бб.]. Қазақ әдебиетінде адам мен қоршаған ортаның өзара қатынасынан туындаған заманауи экологиялық мәселелерге арналған шығармалардың ішінде Бекен Ыбырайым қаламынан туған әңгімелерде кейіпкерлердің басына түскен жазылмас дерттің себебін ашу арқылы автордың айтар ойы, мәселеден сақтандырап пікірі айқындалады.

«SOS белгісі» әңгімесі. «SOS белгісі» – экологиялық мәселені аллегория арқылы жеткізген шығарма. Әңгіме желісі – радиациялық өңірде өскен баланың ауруы арқылы бүкіл

халықтың экологиялық трагедиясын бейнелейді. Бұл туындыда табиғат пен адам арасындағы рухани байланыс үзілгені көрсетіледі. Бала – табиғаттың өзі, ал оның ауруы – адамның қолынан жасалған экологиялық дерттің бейнесі.

Әңгімеде экологиялық әділеттілік қалай көрініс табады десек, әңгіме желісінде экологиялық мәселелер әлеуметтік теңсіздікке барып тіреледі. Қоршаған ортаның ластануы, яғни атом сынақтарынан тараған улы ауаның экологиялық зардаптары жақын жатқан қазақ ауылына қасірет пен уайым әкеледі. Қайғысы мен қасіретін ешкім білгісі келмейтін маргиналданған қазақ ауылының бұл экологиялық дерті ешкімді алаңдатпайды, және ауруға шалдыққан ауылдың тұрғындары ешқашан экологиялық әділеттілікке қол жеткізе де алмайды. «SOS белгісі» әңгімесінде басты кейіпкер атом бомбасын сынаған Семейдегі сынақ полигонына жақын тұратын жергілікті маргиналданған қазақ ауылының тұрғыны қоршаған ортаның зақымдануынан әділетсіз түрде зардап шегеді, жас баланың өмірі қиылып, қыршын кетеді. Қолдан жасалған дерттің алдында адамның шарасыздығы, ауруға шалдыққан жеткіншектің аурудан жазылуға ешқандай мүмкіндігінің жоқтығы экономикалық және әлеуметтік теңсіздікті көрсетеді, мыс., «Өйткені мен – сол атом бомбасының құрбанымын, жазықсыздан-жазықсыз жапа шегіп, жазылмас ауруға шалдыққан тірі өлікпін. Алғашқысы да, соңғысы да емеспін. Бір жақсысы, мен өлетін 1991 жылы Семейдегі полигонда сынақ тоқтатылды. Мәңгілік тоқтаса екен!» [15, 12].

Антропоцентризм түсінігі бойынша адам сана тұрғысынан, эстетикалық жаратылыс тұрғысынан қоршаған ортаның иесі, басқа тіршілік иелерінен артық жаратылыс мүшесі екендігі анық. Бұл әңгімеде адам қоршаған ортадағы басып-жаншушы жаратылыс екендігі өзінің артық жаратылғанын басқа әлсіздерге пайда үшін қолданған зұлмат күш ретінде бейнеленеді. «Мәңгі жазылмас ауруға душар еткен адамдардың тасбауырлығы. Солар ғой мені осындай бейшара халге жеткізген. Ендеше неге өздері емдеп жазбайды? Қайда-а, әрқайсысы өзімен-өзі әуре. Теледидарда күн сайын бейбітшілік үшін, адам құқығы үшін деп сарнап жатады... Сонша екіжүзділікке, қулыққа таң қалам, қатты ашуланам» [15,15]. Бұл жолдар әңгімеде экосынның адамның қолымен жасалған әрекеттің келесі адамның өмірін талқандап, табиғат пен адам арасындағы рухани байланыстың үзілгенін антропоцентрлік түсінікпен тұжырымдайды.

Әңгімеде табиғат қалай бейнеленеді? Табиғаттың жапа шеккен көрінісі сорға айналған жер, омартадағы қырылған ара, уланған жер, сарқыраған өзеннің суының улануы, есін білмейтін сәбилердің денсаулығына төнген қауіп болып, адамның табиғатқа жасаған нақты әрекеттерінің кері салдары әңгімеде осы бейнелі тіркестер арқылы суреттеледі. Табиғат бұл шығармада құрбан ретінде көрінеді, ал адам – оны пайда үшін қолданған қасірет әкелген ниеті теріс күш ретінде бейнеленеді. Әңгімеде экологиялық әдеби сынның үш нысаны – табиғаттың бейнесі, экологиялық әділеттілік, антропоцентрлік сынау анықталады. «Осы хатым, менің өлімім – тірі қалған сендер үшін бүкіл адам баласына төнген апат белгісі, сақтандыру белгісі болса екен деймін» [15,16] – бұл символдық бейнелі үндеу қатыгез кеңестік отарлық саясаттың қазақ даласында адамның денсаулығына жасаған қастандығы, бұдан қорғану керек деп сақтандырады.

«Уран кеніші» әңгімесі. Бекен Ыбырайым – қазіргі қазақ әдебиетінде экологиялық тақырыпты көркемдік тұрғыдан зерттеп, осы тақырыпқа қарапайым халық өкілдерінің өмірін экологиялық әдеби сын тұрғысынан талдап, жазған заманауи қазақ жазушыларының бірі. Оның «Уран кеніші» атты әңгімесі – посткеңестік кезеңдегі экологиялық трагедияны бейнелейтін көркем туынды. Автор уран өндірудің адамның денсаулығы мен табиғатқа қалай зиян келтіргенін шынайы суреттейді. Әңгіме экосын тұрғысынан адам мен табиғат арасындағы қарым-қатынасты сынап, уран кенішінде жұмыс істеп, күн көріп отырған жергілікті әлсіз халықтың қайғысын оқушы назарына ұсынады. «Уран кеніші» – радиоактивті элемент – уран өндірілетін аймақтағы елдің, жердің, су мен ауаның улануы, табиғи тепе-теңдіктің бұзылуы және оның адамның өміріне балта шапқан қайғысы жайлы

трагедиялық әңгіме. Шығармада кен қазудың жас адамның өміріне тигізген қасіреті, табиғаттың ластануы, ауруға шалдыққан адам мен азғын мал, уланған топырақ, шөп, билік тарапынан үнсіздік пен немқұрайдылық секілді экологиялық апаттың шынайы көріністері сипатталады.

Экосынның негізгі зерттеу нысаны – антропоцентризмге сын. Шығармада адам табиғатты пайда көзіне айналдырып, оның құндылығын елемей, оған тек құныққан ниетпен қарайды, ал уран кенінде күнкөріс үшін жұмысқа тұрған қарапайым халықтың тағдырының сұрауы жоқ, немқұрайылықпен бейнеленеді. Бұл – эокритикада жиі сыналатын антропоцентризм идеясының көрінісі. «Тәуелсіздігіңнен не пайда, өзінді кенішке салып, өз жерінде, өз елінде көздеріңді бақырайтып қойып, ақшамен арбап, ажалға айдап отырса. Тіршілік иелері үшін өлім ошағына айналған бұл далада өмір сүріп жатқан халыққа ешкім құлақ аспады», – дейді автор [16, 110-б.]. Бұл – адам мен табиғаттың арасындағы үйлесімнің бұзылуын көрсететін тұжырым. Табиғаттың азабы – адамның азабы. Уланған табиғаттың салдарынан адам жапа шегеді. Адам ауырса, бұдан табиғатқа келіп-кетер күрделі ештеңе бола қоймас, ал табиғат ауырса, бұның адамға тікелей қатысы болары хақ. Сондықтан да, қоршаған ортаны қорғау, табиғатты сақтау, оған қамқор болу адамзат баласы үшін маңызды. Бұл жерде табиғат пен адам біртұтас жүйе ретінде қарастырылады. Эокритика тұрғысынан мұндай байланыс – эоцентристік көзқарас деп аталады. Жердің тозуы, судың улануы – бала өліміне, ана мұңы мен халық күйзелісіне ұласады. Бұл экологиялық әділетсіздіктің адам өміріне әсерін көрсетеді. Уран – адам қолымен жасалған қауіптің символы, бұл әңгімеде мына жолдармен дәйектеледі: «Уран деген бәледен, ұшқан ракетадан мал іш тастап, шыбындай қырылатынын қайдан білдік?! Шалғынның сұйылып, айналамыз тықырланып, азып-тозатынын, балаларымыз кемтар туатынын қайдан білдік? Өзіміздің кілең айнатазға айналып, ауруға ұшырайтынымызды да сезбей қалдық» [16, 114-б.].

Шығармада тек экологиялық емес, моральдық дағдарыс та байқалады. Жердің уланғанын білсе де үнсіз отырған жүйе, ел-жұрттың жұмыссыздықтан бастарын өлімге тігіп, уран кендеріне барған экономикалық шарасыз күйі – экологиялық әділетсіздікке айналған. «Бұл ауыл – табиғаттан кешірім сұрауы керек», – деген астарлы ой арқылы автор экологиялық жауапкершілік туралы мәселе көтереді.

Бұл тарауда салыстырмалы экосын бағытында Б. Ыбырайымның шығармалары жаһандық экологиялық прозамен, атап айтқанда нигериялық жазушы Кен Саро-Виваның Shell компаниясының мұнай өндірудің жергілікті халыққа тигізген зардабын бейнелеген туындыларымен салыстырылды [17, 20-40-бб.]. Кен Саро-Вива Нигериядағы Огони халқының құқығын қорғаушы экологиялық белсенді, ол Нигерияның оңтүстігіндегі Нигер мойнағындағы мұнай өндірудің қоршаған ортаға тигізетін зардаптарына қарсы қозғалыс ұйымдастырды, белсенді әрекеттері үшін қастандықпен өлтірілді [18, 144-б.]. Оның көтерген экологиялық мәселелері қатарында Огони аймағында мұнай түтініне булығып, мұнай төгілген жерде және шикі мұнай қоса ағатын өзендердің бойында тұратын адамдардың өмірлерінің сапасының өте нашарлығы, көптеген жылдар бойы жергілікті халықтың жағдайы, тіршілігі мұнай компаниялары тарапынан еш ескерілмегендігі айтылды. Автор Shell компаниясын аймақтың экологиялық тұрғыдан ластанып, жергілікті халықтың тіршілік көздерінің (балық аулау, егіншілік) жойылғаны үшін экономикалық пайда әкелмей, тек зиян келтірді деп айыптады.

Б. Ыбырайымның әңгімелері көтерген экологиялық мәселелердің зардабы оңтүстік африкалық профессор Роб Никсонның «Баяу зорлық-зомбылық және кедейлердің қоршаған ортаға әсері» атты еңбегіндегі «баяу зорлық» тұжырымдамасымен үндеседі [19, 103-128-бб.]. Африкалық автор капитализмнің қоршаған ортаға кері әсерінен маргиналданған таптардың көбінесе елеусіз қалатыны – биліктегілердің жергілікті әлсіз халыққа зомбылығы деп қарастырады. Яғни, «баяу зомбылық» (Slow Violence) тұжырымдамасының негізгі идеясы бірден байқала қоймайтын, көп уақыт бойы жүргізілетін, кедей және маргиналды

қауымдастықтарға билік тарапынан жасалатын зорлықты білдіреді. Баяу зорлық радиация түрінде, химиялық улану, жел эрозиясы және ресурстарды тұрақсыз пайдалану, климаттың өзгеруі сияқты апаттар көп жылдар бойы тұрғындардың денсаулығында аса сезілмей орын алады, сондықтан да «баяу» деп аталады. Никсон бұл экологиялық апаттар ұзақ жылдарға созылып, БАҚ пен саясаткерлердің назарына тез түсе қоймайды және жылдар өтіп кеткеннен кейін залалдың себепкерін табу қиынға соғатындығын айтады. Никсонның дәлелдеуінше, баяу зорлықтың зардабын көретін әдетте, әлсіздер тобы. Бұл топқа кедей елдер мен аймақтар, жергілікті халықтар, бодан болған мемлекеттер мен дауысын ешкім естімейтін қоғам өкілдерін жатқызады. Никсон жазушының міндеті – осы еленбейтін зорлықты естілетін ету керек деп санайды.

Кен Саро-Вива еңбектері мен Никсонның «баяу зорлық» концепциясы тұрғысынан талдасақ, Бекен Ыбырайымның «SOS белгісі» және «Уран кеніші» атты әңгімелері атом бомбасын сынау мен уран өндірісінің зардаптары – радиациялық улану, ауыл тұрғындарының науқастануы, ұрпақтан ұрпаққа берілетін генетикалық дерт шығармада бір мезеттік апат ретінде емес, жылдар бойы жинақталатын, «көзге көрінбейтін» трагедия ретінде бейнеленеді. Бұл Никсонның «бірден байқалмайтын, бірақ ұзақ мерзімді зорлық» деп анықтаған ұғымымен дәл сәйкеседі.

Ортақ экологиялық мәселелерді көтерген шығармалардың бәрінде де антропоцентрилік (адамды табиғаттан жоғары қоятын) көзқарас сынға алынады, уран кенін не мұнай өндіру жергілікті халыққа «экономикалық прогресс» ретінде таныстырылады, алайда жапа шегушінің дауысы арқылы бұл дискурстың астарындағы экологиялық және зұлымат қастандық ашылады, атом сынақтарының салдары, жер асты байлығын өндіру процесі жай экономикалық жоба ретінде емес, жердің тірі тұтастығын бұзу актісі ретінде танылады.

Қорытынды

Мақала қазақ әдебиетіндегі экосынға арналған зерттеулердің дамуына теориялық үлес қосуды мақсат еткендіктен, Б. Ыбырайымның «Уран кеніші» және «SOS белгісі» әңгімелері көтерген экологиялық мәселелер жаһандық экокритикалық теориялар негізінде талданды. Экосынның анықтамасы беріліп, зерттеу нысаны қазақ халқының табиғатқа деген көзқарасы, оған тәуелді тыныс-тіршілігі, заманауи экологиялық мәселелердің мәдениеттегі көрінісі арқылы ашылды. Б. Ыбырайымның әңгімелері экосынның негізгі зерттеу нысандары, табиғат бейнесі (әбден шаршаған, жүдеген), антропоцентризм (адам барлық тіршілік иелерінен жоғары тұрады), экологиялық әділеттілік (экологиялық зардаптар тұрақты дамуды тежеп, әлеуметтік және саяси теңсіздікті күшейтеді) пен экологиялық сананы ояту тұрғысынан талданды, және жаһандық контекстпен салыстырмалы талдау арқылы автордың шығармалары жаһандық экологиялық прозалық еңбектермен бірнеше ортақ тақырып арқылы ұштасатындығы анықталды. Мысалы, Нигериядағы мұнай өндіруде жер тек ресурс өндірудің құралына айналып, оның зардабын жергілікті халық көрді және талданған әңгімелердегі радиациялық улану балалардың балаларына беріледі, ұрпақ ауруға айналады. Сонымен, Б. Ыбырайымның әңгімелерін Кен Саро-Вива мен Роб Никсонның еңбектерімен салыстыра келе, қазақ авторының әңгімелері жаһандық экологиялық мәселелерге арналған шығармалармен үндесетіндігі анықталды, мысалы, экосын тұрғысынан «SOS белгісі» қазақ жерінде жүргізілген кеңестік бейберекет индустрияландыру саясатына наразылық ретінде бағаланады, жергілікті халықтың үні естілмей, тек табиғаттың өзі ғана апат туралы «хабар» бере алатын жағдайға тап болуы – билік пен экологиялық дискурс арасындағы шиеленісті айқын көрсетеді. «Уран кеніші» – табиғат пен адам арасындағы үйлесімнің күйреуі, экологиялық апаттың рухани, әлеуметтік және физикалық салдарын бейнелеген экокритикалық шығарма. Әңгіме оқырманды тек қана уран кеншілерінің, олардың шарасыз күйлері мен сол ауыл маңының экологиялық жағдайын жеткізіп қана қоймай, сонымен қатар экологиялық сана қалыптастыруға, табиғатты қорғауға үндейді. Экологиялық апаттарды

көркем бейнелеу арқылы автор табиғаттың азабы – адамзаттың азабы екенін жеткізгені тұжырымдалады.

Сондықтан Б. Ыбырайымның екі әңгімесін қазақ әдебиетіндегі экокритикалық ойлаудың маңызды үлгілері ретінде әлемдік экологияға арналған прозалық жанрдағы еңбектермен қатар тұратын туындылар деп бағалауға болады. Атап айтатын тұсы, Б. Ыбырайымның шығармалары жаһандық үлгілерден айырмаланатын ұлттық ерекшеліктерге ие. Автордың әңгімелерінде қазақтың «жер-ана» мифологемасы, туған жер топырағы, кіндік қаны тамған, бабалар сүйегі жатқан атамекен, даланың желі мен табиғатының тылсым қасиеті және ауызша дәстүр элементтері әңгімелерге символикалық тереңдік пен ерекше ұлттық реңк береді. Автордың қаламындағы жер бейнесі – қазақтың ұлттық-танымдық санасындағы «ана-жер» концепциясымен тікелей байланысты, жер – жай ғана ресурс не өндіріс құралы емес, тіршіліктің негізі, киелі, адамзаттың анасы.

Зерттеу жұмысы мынадай қорытындыларды тұжырымдайды. Біріншіден, шығармалар Никсонның «баяу зорлық» концепциясымен үндес, себебі уран өндірісінің зардаптары өтіп кететін аз уақыттық апат ретінде емес, ұрпақтарды улап, ұзаққа созылатын трагедия ретінде суреттеледі. Екіншіден, мәтіндерде Кен Саро-Вива дәлелдеген антропоцентрлік көзқарас сыналып, экоцентристік позиция ұсынылады – табиғат жай көркем дүние немесе ресурс емес, тіршілік субъектісі ретінде танылады. Үшіншіден, шығармалар жаһандық экологиялық прозамен тақырыптық-методологиялық ортақтықты сақтай отырып, қазақтың ұлттық болмысы мен экологиялық танымында «жер-адам» қатынасы арқылы ерекшеленеді. Жер тек физикалық кеңістік емес, барша тіршіліктің бастауы, қасиетті орны мен қорғанышы деп танылады.

Қазақ әдебиетінде болашақ экологиялық тақырыптардағы зерттеулерді Шнайдер-Мейерсонның эмпирикалық экокритика тұжырымдамасы тұрғысынан, яғни оқырман реакциясы мен экологиялық сана қалыптастырудағы эмпирикалық экосынның ықпалы тұрғысынан зерттеу тиімді бағыт болмақ.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Uranium and Nuclear Power in Kazakhstan. [Electronic resource]. URL: <https://world-nuclear.org/information-library/country-profiles/countries-g-n/kazakhstan> (date of access 10.12.2025)
2. Glotfelty C., Fromm H. The Ecocriticism Reader: Landmarks in Literary Ecology. – Athens: University of Georgia Press, 1996. – 415 p.
3. Slovic S. Ecocriticism: Containing multitudes, practicing doctrine // In: L. Coupe (Ed.) The green studies reader: From romanticism to ecocriticism. – London: Routledge, 2000. – P. 160-161.
4. Buell L. The Environmental Imagination: Thoreau, Nature Writing, and the Formation of American Culture. – Cambridge, Massachusetts and London, England: Harvard University Press, 1995. – 586 p.
5. Suresh F. Contemporary Contemplation on Ecoliterature. – New Delhi: Author Press, 2012. – 280 p.
6. Нейпир С. Волшебные миры Хаяо Миядзаки. – Москва: Издательство «Бомбора», 2019. – 416 с.
7. Pertanika J. Ecocriticism 101: A Basic Introduction to Ecocriticism and Environmental Literature // Journal of Social Sciences & Humanities. – 2015. – Vol. 23. – P. 1-14. <https://doi.org/10.1111/LIC3.12105>
8. Ертаева Б.Б. Балалар әдебиетінде адамгершілік мәселелерінің көрініс табуы // Ясауи университетінің хабаршысы. – 2025. – №2 (136). – Б. 167-177. <https://doi.org/10.47526/2025-2/2664-0686.201>
9. Төлтай Ф. Жаңа экологиялық мәдениет және қазақ әдебиеті. [Электронды ресурс]. URL: https://adebiportal.kz/kz/news/view/zana-ekologiiyq-madeniet-zane-qazaq-adebieti__25605. (қаралған күні 10.12.2025)
10. Нұрғалиұлы Р. Аяқталмаған трагедия (полигон әңгімелері). [Электронды ресурс]. URL: https://adebiportal.kz/kz/news/view/rymgali-nurgaliuly-aiaqaltalmagan-tragediia-poligon-angimeleri__13962 (қаралған күні 10.12.2025)
11. Orda G., Sarsenbayeva Zh., Abilkhayirov N., Sultangaliyeva R., Mekebayeva L. The nature and human ecology in modern Kazakh literature // Utopia y Praxis Latinoamericana. – 2019. – №24 (5). – P. 79-89.

12. Мусинова Г.С., Кожамметова Г.Б. Көркем прозадағы экология мәселесінің интеграциясы // Ясауи университетінің хабаршысы. – 2025. – №1 (135). – Б. 136-148. <https://doi.org/10.47526/2025-1/2664-0686.151>
13. Жаңа экологиялық мәдениет және қазақ әдебиеті. [Электронды ресурс]. URL: https://adebiportal.kz/kz/news/view/zana-ekologiyalyq-madeniet-zane-qazaq-adebieti__25605 (қаралған күні 11.12.2025)
14. Казтаева А.К., Тоқшылықова Г.Б., Хуңшан А., Айбергенова А.Б. Қазақ прозасындағы экология мәселесі // Абылай хан ат. ҚазХҚЖӨТУ Хабаршысы. “Филология ғылымдары” сериясы. – 2025. – №2 (77). – Б. 566-580.
15. Ибраим Б. “SOS!” с того света: Сборник рассказов. – Алматы: Комек. 2000. – 16 с.
16. Ыбырайым Б. Алтын қалам 2024: шығармалар жинағы. – Алматы: Зиялы баспасы, 2025. – 304 б.
17. Saro-Wiwa K. Genocide in Nigeria. – London; Lagos; Port-Harcourt: Saros International Publishers, 2000. – 105 p. [Electronic resource]. URL: <https://warwick.ac.uk/fac/arts/english/currentstudents/postgraduate/masters/modules/resourcefictions/oil09/sarogennig.pdf> (date of access 18.09.2025)
18. Udoinwang D.E. Protest Voice and Narrative of Ethno-nationality Identity: Ken Saro-Wiwa's Autobiography // AKSU Journal of English (AKSUJEL). – 2020. – №3(1). – P. 143-157.
19. Nixon R. Slow Violence and the Environmentalism of the Poor. – Cambridge, Massachusetts, and London, England: Harvard University Press, 2011. – 343 p.

REFERENCES

1. Uranium and Nuclear Power in Kazakhstan. [Electronic resource]. URL: <https://world-nuclear.org/information-library/country-profiles/countries-g-n/kazakhstan> (date of access 10.12.2025)
2. Glotfelty C., Fromm H. The Ecocriticism Reader: Landmarks in Literary Ecology. – Athens: University of Georgia Press, 1996. – 415 p.
3. Slovic S. Ecocriticism: Containing multitudes, practicing doctrine // In: L. Coupe (Ed.) The green studies reader: From romanticism to ecocriticism. – London: Routledge, 2000. – P. 160-161.
4. Buell L. The Environmental Imagination: Thoreau, Nature Writing, and the Formation of American Culture. – Cambridge, Massachusetts and London, England: Harvard University Press, 1995. – 586 p.
5. Suresh F. Contemporary Contemplation on Ecoliterature. – New Delhi: Author Press, 2012. – 280 p.
6. Neipir S. Volshebnye miry Khaiao Miadzaki [The Magical Worlds of Hayao Miyazaki by Susan Napier]. – Moskva: Izdatelstvo «Bomora», 2019. – 416 s. [in Russian]
7. Pertanika J. Ecocriticism 101: A Basic Introduction to Ecocriticism and Environmental Literature // Journal of Social Sciences & Humanities. – 2015. – Vol. 23. – P. 1-14. <https://doi.org/10.1111/LIC3.12105>
8. Ertaeva B.B. Balalar adebietinde adamgershilik maselelerin korinis tabuy [Reflection of moral issues in children's literature] // Iasau universitetinin habarshysy. – 2025. – №2 (136). – Б. 167-177. URL: <https://doi.org/10.47526/2025-2/2664-0686.201> [in Kazakh]
9. Toltaï F. Zhana ekologiyalyq madeniet zhane qazaq adebieti [New ecological culture and Kazakh literature]. [Electronic resource]. URL: https://adebiportal.kz/kz/news/view/zana-ekologiyalyq-madeniet-zane-qazaq-adebieti__25605. (date of access 10.12.2025) [in Kazakh]
10. Nurgaliuly R. Aiaqtalmagan tragedia (poligon angimeleri) [Unfinished Tragedy (Polygon Stories)]. [Electronic resource]. URL: https://adebiportal.kz/kz/news/view/rymgali-nurgaliuly-aiaqtalmagan-tragediia-poligon-angimeleri__13962 (date of access 10.12.2025) [in Kazakh]
11. Orda G., Sarsenbayeva Zh., Abilkhayrov N., Sultangaliyeva R., Mekebayeva L. The nature and human ecology in modern Kazakh literature // Utopia y Praxis Latinoamericana. – 2019. – №24 (5). – P. 79-89.
12. Musinova G.S., Kozhahmetova G.B. Korkem prozadagy ekologia maselesinin integratsiyasy [Integration of the issue of ecology in literary prose] // Iasau universitetinin habarshysy. – 2025. – №1 (135). – Б. 136-148. <https://doi.org/10.47526/2025-1/2664-0686.151> [in Kazakh]
13. Zhana ekologiyalyq madeniet zhane qazaq adebieti [New ecological culture and Kazakh literature]. Electronic resource]. URL: https://adebiportal.kz/kz/news/view/zana-ekologiyalyq-madeniet-zane-qazaq-adebieti__25605 (date of access 11.12.2025) [in Kazakh]

14. Kaztaeva A.K., Toqshylyqova G.B., Hunshan A., Aibergenova A.B. Qazaq prozasyndagy ekologia maselesi [Ecological problems in Kazakh prose] // Abylai han at. QazHQzhATU Habarshysy. "Filologia gylymdary" seriasy. – 2025. – №2 (77). – B. 566-580. [in Kazakh]
15. Ibraim B. "SOS!" s togo sveta: Sbornik rasskazov ["SOS!" since then: Collection of short stories]. – Almaty: Komek. 2000. – 16 s. [in Russian]
16. Ybyraiym B. Altyn qalam 2024: shygarmalar zhinagy [Golden Pen 2024: collection of works]. – Almaty: Zialy baspasy, 2025. – 304 b. [in Kazakh]
17. Saro-Wiwa K. Genocide in Nigeria. – London; Lagos; Port-Harcourt: Saros International Publishers, 2000. – 105 p. [Electronic resource]. URL: <https://warwick.ac.uk/fac/arts/english/currentstudents/postgraduate/masters/modules/resourcefictions/oil09/sarogennig.pdf> (date of access 18.09.2025)
18. Udoinwang D.E. Protest Voice and Narrative of Ethno-nationality Identity: Ken Saro-Wiwa's Autobiography // AKSU Journal of English (AKSUJEL). – 2020. – №3(1). – P. 143-157.
19. Nixon R. Slow Violence and the Environmentalism of the Poor. – Cambridge, Massachusetts, and London, England: Harvard University Press, 2011. – 343 p.

Problems of Ecocriticism in the Kazakh Literature: Based on the Stories of Beken Ibraim "Uranium Mine" and "SOS Sign"

Abstract. This article analyzes Beken Ibrahim's short stories "Uranium Mine" and "SOS Sign" from an ecocritical perspective. The study examines the relationship between humans and nature, environmental disasters, and literary depictions of resource extraction in these works, using theories by leading global ecocritics such as Buell, Garrard, and Nixon. The study aims to define the object of study and the research questions in ecocriticism, analyze Kazakhstan's environmental problems from an ecocritical perspective, and compare them with global environmental issues. The article uses the concept of "slow violence" and environmental justice theory as its primary analytical tools. Within the framework of comparative ecocriticism, Beken Ibrahim's stories are compared with the prose of Nigerian writer Ken Saro-Wiwa, which arose in opposition to Shell oil production, and with the environmental issues raised in Rob Nixon's work "Slow Violence and the Impact of the Poor on the Environment". The results of the study demonstrate that Beken Ibrahim's stories are in harmony with global environmental prose while maintaining a distinct connection to Kazakh national identity and the steppe environment. This article aims to make a theoretical contribution to the development of ecocritical research in Kazakh literature. It proposes examining future environmental themes from the perspective of Schneider-Meyerson's concept of empirical ecocriticism, that is, from the perspective of reader response and the influence of empirical ecocriticism on the formation of environmental consciousness.

Keywords: ecocriticism, Kazakh literature, Beken Ibrahim, uranium mining, environmental justice, slow violence, humans and nature.

Проблемы экокритики в казахской литературе: на материале рассказов Бекена Ибраима «Урановый рудник» и «Знак SOS»

Аннотация. В статье анализируются рассказы писателя Бекена Ибраима «Урановый рудник» и «Знак SOS» с точки зрения экокритики. Исследование рассматривает взаимоотношения человека и природы, экологическую катастрофу и литературное изображение добычи ресурсов в этих произведениях в рамках теорий ведущих мировых экокритиков, таких как Бьюэлл, Гаррард и Никсон. Цель исследования – определить объект и исследовательские вопросы экокритики, проанализировать экологические проблемы Казахстана с точки зрения экокритики и сравнить их с глобальными экологическими проблемами. В качестве основных аналитических инструментов в статье используются концепция «медленного насилия» и теория экологической справедливости. В направлении сравнительной экокритики рассказы Бекена Ибраима сравниваются с прозой нигерийского писателя Кена Саро-Вивы, возникшей в результате противостояния нефтедобыче Shell, и с экологическими проблемами, рассмотренными в книге Робба Никсона «Медленное насилие и влияние бедных на окружающую среду». Результаты исследования доказывают, что рассказы Бекена

Ибраима созвучны произведениям мировой экологической прозой и одновременно сохраняют особую связь с казахской национальной идентичностью и степной природой. Статья вносит теоретический вклад в развитие исследований экокритики в казахской литературе. Предлагается изучать будущие экологические темы с точки зрения концепции эмпирической экокритики Шнайдера-Мейерсона, то есть с точки зрения реакции читателя и влияния эмпирической экокритики на формирование экологического сознания.

Ключевые слова: экокритика, казахская литература, Бекен Ибраим, добыча урана, экологическая справедливость, медленное насилие, человек и природа.

Автор туралы мәлімет

Омарбекова Г.Ә. – филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, Назарбаев Университеті, e-mail: gulnara.omarbekova@nu.edu.kz, Қазақстан, Астана қ.

Information about the author

Omarbekova G.A. – Candidate of Philological Sciences, Associate Professor, Nazarbayev University, e-mail: gulnara.omarbekova@nu.edu.kz, Kazakhstan, Astana.

Сведения об авторе

Омарбекова Г.А. – кандидат филологических наук, ассоциированный профессор, Назарбаев Университет, e-mail: gulnara.omarbekova@nu.edu.kz, Казахстан, г. Астана.